

Zaınǵalıt

2004 жылдың
наурыз айынан шығады



ЖӘНГІР ХАН УНИВЕРСИТЕТИ

УНИВЕРСИТЕТ ҚҰРДАСТАРЫ

Шолпан апай – университет түлегі

Біздің айдарымыздың кезекті кейіпкері – «Парасат» ақпараттық-білім беру орталығының библиограф маманы, Жәңгір хан университетінің түлегі Шолпан Сәрсенғалиева.



Мерейтойлық жыл ішінде асқаралы алпысын білім ордасымен бірге атап өтетіндердің бірі – Шолпан апамыз. Бір кездері осы қара шаңырақта студенттік жылдарын өткерген университет түлегіне осындай қуаныш бұйырып тұр. Өз қолымен жазып берген өмір дерегіне үңілсек, негізгі мамандығы ауыл шаруашылығы саласымен байланысты екен. Өмір иірімімен облыстың қос ауданымен тағдыры байланысқан Шолпан апай қазір Орал қаласының тұрғыны.

Шыңғырлауда туып өсіп, Қазталовтан өмірлік жарын тапқан кейіпкеріміздің қосағы да – осы университеттің түлегі әрі өзінің бірге оқыған курстасы екенін де білдік.

Шолпан Ярдемқызы 1963 жылы 4 тамызда Батыс Қазақстан облысының (ол кезде Орал облысы деп аталған) Шыңғырлау ауданына қарасты Шыңғырлау ауылында дүниеге келген. 1980 жылы Шыңғырлау орта мектебін бітірген кейіпкеріміз бір жыл Шыңғырлаудағы «Арнайы кәсіби техникалық училищеде» оқыған. Одан кейін Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтына (қазіргі Жәңгір хан атындағы БҚАТУ) «Зооинженер» мамандығына оқуға түсіп, 1986 жылы қызыл дипломмен тәмамдайды. Институтты бітірген соң Шыңғырлау ауданының Жаңақөш деген елді ме-

кеніндегі «Аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінде» зоотехник болып жұмыс жасайды.

1987 жылы Қазталов ауданының Қошанкөл ауылына тұрмысқа шығып, 20 жыл сол ауылда келіндік міндетін атқарады. 2007 жылы Орал қаласына қоныс аударғаннан кейін 2008-2012 жылдары «Үміт» пәтер иелері тұтынушылық кооперативінде есепші болып еңбек жолын жалғастырады. 2012 жылы Жәңгір хан университетіне архивариус болып қызметке орналасады. 2014 жылдан күні бүгінге дейін «Парасат» ақпараттық-білім беру орталығында библиограф болып еңбек етуде. Бақытты ана, аяулы әже.

Шолпан Ярдемқызының университетішілік «Заңғар» газетінен «Университет құрдастары» айдарын ашуға себепкер болғанын да атап өткен жөн.

БІЗДІҢ ИНСТИТУТ

Әлемнің үздік ғалымы басқаратын институт

Жәңгір хан университетіндегі Индустриалды-технологиялық институт өңірімізді машина жасау, мұнай-газ ісі, құрылыс, химиялық технология саласындағы инженерлік-техникалық кадрлармен қамтамасыз етіп отыр.



2003 жылы «Мұнай-газ факультеті» болып ашылды.

2007 жылы жаңадан ашылған «Машина жасау» факультетінің жаңа корпусы пайдалануға берілді.

Кейіннен екі факультет біріктіріліп, «Машина жасау» факультеті болып жұмысын жалғастырды.

2008 жылы «Машина жасау» факультеті бакалаврларының алғашқы түлектері бітірді.

2019 жылдың маусым айында университетті оңтайландыру нәтижесінде «Машина жасау» факультеті – «Индустриалды-технологиялық институт» болып өзгертілді.

Институтты (бұрынғы факультетті) әр жылдары Марат Қайырлыұлы Оңаев,

Майдан Қабатайұлы Бралиев, Бекболат Теміржанұлы Шәкешов, Сәрсенбек Әлиакбарұлы Монтаев басқарды.

2020 жылдың 1 қыркүйегінен бастап ИТИ-дың директоры қызметін Ұлттық инженерлік академиясының корреспондент мүшесі, техника ғылымдарының докторы, профессор Сәрсенбек Әлиакбарұлы Монтаев атқарып келеді.

Қазіргі уақытта институтта 18 білім беру бағдарламасы мен мамандықтары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандарын даярлайтын лицензиялар бар. Олардың 9-ы – бакалавриат, 8-і – магистратура, біреуі – докторантура бойынша. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің барлық білім беру бағдарламалары

бойынша мамандарды даярлау үш тілде жүргізіледі.

ИТИ 2013 жылдан бері білім берудің 3 деңгейі бойынша келесі білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлайды: құрылыс инженериясы; құрылыс конструкциялары мен бұйымдарын өндіру; мұнай-газ ісі; геология және пайдалы қазбаларды барлау; тау-кен жабдығына сервистік қызмет көрсету; химиялық инженерия және процестер; өндіруші салалардың машиналары мен жабдықтары; машина жасау; мехатроника; робототехникалық жүйелер; құрылыс конструкциялары мен бұйымдарын өндіру; химиялық инженерия және процестер.

Ғылыми жетістіктері:

БҒМ Ғылым комитетінің желісі бойынша ғылыми жобаларға 7 грант, оның ішінде «Ғимараттар мен

құрылыстар, автомобиль жолдарын салуға арналған жеңіл, берік, жылу оқшаулағыш қиыршық тас технологиясы» тақырыбы бойынша ғылыми эзирлемелерді коммерцияландыру бойынша 1 жоба жеңіп алды.

Ғылыми зерттеулер нәтижелері бойынша өнертабысқа 10-нан астам патентке қол жеткізді, Scopus Web of Science базасына кіретін халықаралық басылымдар мен журналдарда 10-нан астам мақала жарияланды.

КОКСОН ұсынған журналдарда 5-тен астам монография және 100-ден астам мақала жарық көрді.

Студенттердің ғылыми қоғамы мен үйірмелерге қатысатын студенттердің жалпы саны 300-ді құрайды. Жыл сайын білім алушылар республикалық және халықаралық олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болады.



Мои воспоминания о соратниках, коллегах (Штрихи к портрету профессора Джубаева Сергея Шугаевича)

Правда, говорят, что у каждого своя истина и именно поэтому повествование о педагогах, о которых здесь пойдет речь, воспоминания о них, сопровождаемые мыслями о вечном, представляют собой уникальную возможность заглянуть во внутренний мир человека и вернуться мысленно в прошлое, чтобы отдать дань своим наставникам.

Прошло немало времени и сегодня у нас свои лидеры, известные личности из своей среды, из своего круга. Если вернуться к истории, то к таковым относится наш уважаемый друг и коллега Сергей Шугаевич Джубаев.

К сожалению, в этой жизни остается все меньше тех, благодаря кому мы сегодня можем радоваться жизни, работать, передавать следующему поколению те знания, которые нам дали в свое время наши учителя.

Как неудержимо быстро летит время, кажется, совсем недавно на календаре был 1971 год, но все это ушло в историю и прошло 52 года, и мы уже двадцать третий год живем в новом тысячелетии, когда календарь показывает 2023 год. И этот год – Юбилейный – 60 лет со дня основания в 1963 году Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института, ныне Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана.

Вернемся в прошлое столетие, в 1971 год, когда я пришел на подготовительное отделение зоотехнического факультета Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института и здесь с особой теплотой вспоминаю своих педагогов, которые вкладывали в нас свои души, они в памяти не только у меня, но и у всех моих сокурсников старших и младших курсов тех лет.

Не буду перечислять преподавателей других факультетов, но своих непосредственно с факультета, который сам окончил назову: это выпускник Тимирязевской академии, ученик академика А.И.Николаева, проректор по учебной работе института, профессор Сатканов Эмканат Тарихович, который на 4 и 5 курсе читал курс «овцеводство», Каиргалиев Хамит Каиргалиевич и кандидат сельскохозяйственных наук, доцент Кудряков Каюм Гильмеевич с 17-летним стажем работы на производстве зоотехником и ветеринарным врачом вели практические занятия по овцеводству, Карасаев Амирхан Атенович, кандидат сельскохозяйственных наук, доцент читал нам курс по скотоводству.

Если вышеуказанные педагоги работали на зоотехническом факультете, то на факультете механизации сельского хозяйства работал Джубаев Сергей Шугаевич, который вел механизацию сельскохозяйственного производства, окончившего аспирантуру и защитившего кандидатскую диссертацию в Саратове. Диплом Саратовского института механизации сельского хозяйства, опыт работы главным инженером в Марфинском хозяйстве Астраханской области, успешная учеба в аспирантуре – таковы начальные ступени трудовой биографии Сергея Шугаевича.

Будучи студентом я впервые увидел Джубаева Сергея Шугаевича, далее после окончания института работая в научной части мне по работе часто приходилось встречаться с ним. В 1992 году в институте был создан научно-производственный центр «Зерде» для проведения НИР по хозяйственным договорам с колхозами, совхозами и другими предприятиями Западного Казахстана, где я был назначен директором и в последующем в 1996 году проректором по научной работе и международным связям. Уже непосредственно работая под его руководством ближе стал видеть всю ту работу, кото-



рую проводил Сергей Шугаевич.

Сергей Шугаевич за свою профессиональную деятельность последовательно прошел путь от ассистента, преподавателя кафедры «Механизация животноводства» Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института до ректора крупнейшего вуза Западного Казахстана – Западно-Казахстанского аграрно-технического университета.

Работая деканом факультета, в последующем проректором по учебной работе, далее ректором, учитывая экономическую ситуацию развития общества проводил определенно новые новаторские мероприятия, которые положительно влияли на развитие учебного заведения.

Работать ректором С.Ш. Джубаеву пришлось в тяжелейшие 90-е годы и здесь не смотря на все происходящее в обществе, в институте стали значительно расширяться контакты с учебно-образовательными организациями республик СНГ и зарубежных стран: США, Германии, Англии, Турции,



Израиля и др. На базе университета стали проводиться ряд международных научных конференций.

В этот период по вопросам реформирования агропромышленного комплекса, С.Ш. Джубаев принял непосредственное участие в создании, организации и деятельности совместного казахстанско-немецкого учебного центра «Andas». Развивая сотрудничество с зарубежными партнерами, университет заключил договор с Германией и создал на своей базе в 1996 году консалтинговый центр «Кенес», который оказывал консультационные услуги сельхозтоваро-производителям и в этом же году совместно с предприятиями Германии на базе университета проведена международная выставка «Агрожайк-96».

Начиная с 1996 года начато тесное сотрудничество с учеными государства Израиль. По линии МАШАВ преподаватели университета прошли стажировки на раз-

личных курсах. Доктором экономических наук Эммануэлем Либиным и другими израильскими специалистами на базе университета были проведены обучающие семинары и круглые столы.

В 1998 году впервые в университете была проведена международная научно-практическая конференция, где наряду с учеными из Казахстана приняли участие ученые Берлинского университета имени Гумбольдта и Российской Федерации.

В целях подготовки кадров высшей квалификации в институте в 1992 году была открыта аспирантура по 12 специальностям, в 1997 году три диссертационных Совета по сельскохозяйственным и техническим специальностям, было создано свое издательство, где стали выпускаться труды ученых и аспирантов – все это придавало огромный стимул научному развитию вуза.

Особое внимание уделял и создавал все условия к подготовке кадров высшей квалификации. И здесь следует отметить следующую статистику, так на начало 1992 года в институте было только два доктора наук – это доктор сельскохозяйственных наук, профессор Т.А.Лозовский и доктор экономических наук П. В. Ковель. Кроме докторов наук с профессорскими званиями, были еще четыре профессора, утвержденные ВАКом СССР: С. Ш. Джубаев, К. Г. Ахметов, А. А. Антоненко, Б. Г. Гумаров. При непосредственном содействии Сергея Шугаевича как ректора института в 90-е годы завершили и успешно защитили докторские диссертации ряд наших преподавателей – это Ашетов И.К., Айталиев Е.С., В.Д., Браун Э.Э., Бозымов К.К., Горин А.Ф., Киянский В.В., Рустенов А.Р., Траисов Б.Б., Фетисов В.Д., Фетисов И.М.

В целях расширения НИР и создания материальной заинтересованности исполнителям НИР на факультетах были органи-

зованы 4 малых научно-производственных предприятия, учредителями которых являлся институт. Их целями являлись проведение НИОКР по созданию научно-технической продукции, внедрение разработок с участием ППС, аспирантов и студентов.

Для экологического и сельскохозяйственного мониторинга Западного Казахстана в институте был создан совместный Казахстанско – Российское научно-производственное предприятие «Аспан», где учредителями явились Западно-Казахстанский СХИ и Всероссийский НИИ природных газов.

В целях расширения НИР и создания материальной заинтересованности исполнителям НИР на факультетах были органи-

зованы 4 малых научно-производственных предприятия, учредителями которых являлся институт. Их целями являлись проведение НИОКР по созданию научно-технической продукции, внедрение разработок с участием ППС, аспирантов и студентов.

Для экологического и сельскохозяйственного мониторинга Западного Казахстана в институте был создан совместный Казахстанско – Российское научно-производственное предприятие «Аспан», где учредителями явились Западно-Казахстанский СХИ и Всероссийский НИИ природных газов.

В целях расширения НИР и создания материальной заинтересованности исполнителям НИР на факультетах были органи-

зованы 4 малых научно-производственных предприятия, учредителями которых являлся институт. Их целями являлись проведение НИОКР по созданию научно-технической продукции, внедрение разработок с участием ППС, аспирантов и студентов.

Для экологического и сельскохозяйственного мониторинга Западного Казахстана в институте был создан совместный Казахстанско – Российское научно-производственное предприятие «Аспан», где учредителями явились Западно-Казахстанский СХИ и Всероссийский НИИ природных газов.

В целях расширения НИР и создания материальной заинтересованности исполнителям НИР на факультетах были органи-

зованы 4 малых научно-производственных предприятия, учредителями которых являлся институт. Их целями являлись проведение НИОКР по созданию научно-технической продукции, внедрение разработок с участием ППС, аспирантов и студентов.

Для экологического и сельскохозяйственного мониторинга Западного Казахстана в институте был создан совместный Казахстанско – Российское научно-производственное предприятие «Аспан», где учредителями явились Западно-Казахстанский СХИ и Всероссийский НИИ природных газов.

**Б.Б.ТРАИСОВ,
доктор сельскохозяйственных наук,
профессор, академик КазНАЕН,
Каз АСХН.**



«Asar Live»: ақбөкендер тәлімбақта өсірілуде

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғалымдары ғылыми әзірлемелерді пайдалана отырып, ақбөкендерді сақтау мәселесін шешу және жануарларды тәлімбақта өсіру бойынша тәжірибелік нәтижелерді енгізу мақсаттарын алға қойып отыр.



Нәтижелі жұмыстар

Алдымен аты аңызға айналған, өзге аңға теңелмейтін сұлу жануар, ерекше антилопа, сирек кездесетін жабайы фаунаның бірі – ақбөкендер туралы айта кетсек. Бұл ерекше жануарды жазғы маусымда «киік» десе, қыс мезгілінде сарғыш тартқан жүндері ақ түске боялатындықтан «ақбөкен» деп атайды екен. Бұған ақын Сәкен Сейфуллиннің «Ақсақ киік» шығармасында: «Киікті қазақ және дейді бөкен, Бетпақты байғұс бөкен қылған мекен» деп жырлағаны дәлел бола алады.

Кеше көрген қайғым бар мәңгі ұмытпас,

Бір білерім, енді ешкім шаң жуытпас.
Көбеюге ешқашан қақысы жоқ,

Қазақ пенен киіктің тағдыры ұқсас, – деп ақын Қалқаман Сарин ақбөкеннің кешкен тағдыры мен тартқан тауқыметі жайында сөз қозғағанда тебіренбеу мүмкін емес. Қазіргі таңның өзінде ақбөкендердің жойылып кету қаупі бар, дегенмен өзінің өрмтал тұқымын сақтап қалу қасиетіне сай жер бетіндегі санаулы жануардың санатына қосылып отыр.

2022 жылы әуеден есеп жүргізу жұмыстары нәтижесінде Жайық популяциясы – 801 000, Үстірт популяциясы – 28 000 және Бетпақдала популяциясы 489 000 басты, жалпылама есепте 1 318 000 басты құрап отыр. Ақбөкендердің жалпы саны 2021 жылмен салыстырғанда 56% өсімді көрсетеді (842 000 бас). Жәңгір хан университеті ғалымдарының ғылыми әзірлемелер негізінде ақбөкендерді сақтау мәселесін шешу және жануарларды тәлімбақта өсіру жобасы шеңберінде

төмендегі нәтижелі жұмыстар жасалды.

- 2012 жылы Батыс Қазақстан облысында «Түрді сақтау және ұтымды пайдалану үшін ақбөкендерді өсіру бойынша биоэкологиялық негіздеу және тәлімбақты ұйымдастыру (Saiga tatarica (L.))» жобасы аясында Қазақстанда алғаш рет ақбөкендерді өсіру және ұстау үшін тәлімбақ ұйымдастырылып, құрылды.

- 2015 жылы Қазақстанда алғаш рет тәлімбақта ұсталатын ақбөкендерден ұрпақ алынды.

- Жас ақбөкендерді жасанды тамақтандырудың әртүрлі әдістері сыналды.

- Тәлімбақта ұстауға бейімделген ақбөкендер тобы құрылды.

- Тәлімбақта болған ақбөкендердің физиологиялық ерекшеліктері зерттелді.

- Ақбөкендерді зерттеу бойынша Жапония, Ресей, Украина, Қытай ғалымдарымен ғылыми байланыстар орнатылды.

- 2016-2020 жылдары Алматы хайуанаттар бағына тасымалдау кезінде ақбөкендерді ұзақ қашықтыққа тасымалдау әдістері сыналды.

- Қазақстанда алғаш рет «Охотзопром» РМҚК қызметкерлерімен бірлесіп 2018 жылы GPS-сенсоры бар тәлімбақта өсірілген бес ақбөкенді (аталықтарын) бостандыққа шығару жүзеге асырылды.

- Ақбөкендерді зерттеуге университет ғалымдарынан ветеринария ғылымдарының докторы, биология ғылымдарының кандидаты және магистрлер жұмылдырылды.

- Тәлімбақты дамыту үшін 2012 жылы – 3 млн., 2013 жылы – 4,3 млн., 2014 жылы – 4,3 млн., 2015 жылы – 4,135 млн., 2016 жылы – 4,422 млн. қаржы жұмсалды.

- 2021 жылдан бастап Жәңгір хан атындағы БҚАТУ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны іске асыруға мемлекеттік тапсырыс шеңберінде ғылыми зерттеу жүргізіп, іске асыруда. Ғылыми жоба тақырыбы: АР09260294 «Орал популяциясы киіктерінің гельминтоздарын (ценуроз, мониезиоз және эхинококкоз) диагностикалаудың кешенді әдістері, алдын алу іс-шараларының алгоритмін әзірлеу».

- Батыс Қазақстан облысында ақбөкендерді тәлімбақта ұстау жөніндегі жобаны іске асыру барысында жинақталған тәжірибе 2021 жылы Ұлытау облысының Жаңаарқа ауданында «Asar» ШҚ аумағында жабайы жануарларды өсіру тәлімбақ-фермасын ұйымдастыруға және құруға негіз бол-

ды. 2022 жылы ақбөкендерді ұстауға арналған 200 гектар қоршау мен уақытша сарайлар салынды. 2022 жылдың мамыр айында Қарағанды облысына қарасты Нұра ауданының аумағындағы Бозжыр шоқысының маңында уәкілетті органдардың рұқсатымен, Қарағанды облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы инспекторларының қатысуымен табиғи ортадан 69 дара (20 аталық, 49 аналық) жаңа туған ақбөкен алынып, кейіннен тәлімбаққа орналастырылды.

Тәлімбақта барлық жағдай қарастырылған

Қазіргі уақытта ақбөкендер Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданындағы «Asar Live» жабайы жануарларды өсіру тәлімбақ-фермасында барынша жақсы жағдайда өсірілуде. Университетіміздің ғылыми қызметкерлерімен бірлесіп Бетпақдала популяциясының ақбөкендерін авиациялық ұстау жағдайында зерттеу бойынша ғылыми зерттеулер жүргізілуде. Ақбөкендердің жабайы фаунасын өсіру бойынша құрылған тәлімбақтың мақсаты – жануарларды тәлімбақ жағдайында өсіру кезінде зоогигиеналық нормативтердің шарттарын сақтай отырып, экологиялық-биологиялық және генетикалық бағыттағы ғылыми зерттеулер жүргізілетін мамонт фаунасының реликті формасының бірегей генофондын



сақтау.

Тәлімбақта Nestogen балалар тағамы негізінде ақбөкендерді сүт кезеңінде тамақтандыру технологиясы пысықталды. Әр түрлі этиологиядағы ауруларды болдырмау үшін олардың алдын алу негіздерін ұстану қажет. Кез келген аурудың этиологиялық факторларын ретінде тамақтану рационын, көбеюін және жануардың қандай жағдайда ұсталғанын ескеру қажет.

Мақсатты ұйымдастырушылық жұмыстарға жануарлардың жасын және физиологиялық жағдайын ескере отырып, ақбөкендерді тамақтандыру мен ұстаудың оңтайлы жағдайларына бағытталған зоогигиеналық талаптардың қатаң орындалуын қамтамасыз ететін зооветеринарлық және ұйымдастырушылық шаралар кешені кіреді. Жануарларды тіркеу жолымен ветеринариялық қызмет көрсету, клиникалық жай-күйін, термометриясын зерттеу ақбөкендердің барлығын жүйелі қадағалау және диспансерлік тексеру жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

«Asar Live» тәлімбағы жартылай ерікті жағдайда ақбөкендерді ұстау мен өсіруді ғылыми зерттеу үшін практикалық орын болып табылады. Онда күн панельдері арқылы электр энергиясына қолжетімділік қамтамасыз етілген, ғылыми қызметкерлер үшін тұрғын

үй-тұрмыстық және зерттеу шарттары қарастырылған, жоғары жылдамдықпен интернетке қосылған, қашықтықтан бейнебақылау қолданылады. Тәлімбақтағы жұмыстар мен зерттеулер күні бүгінге дейін жалғасуда.

Ақбөкендердің белгілі бір аумаққа шоғырлануы жануарларды әртүрлі этиологиядағы аурулардың таралуынан, браконьерліктен, фермерлік қожалықтардың жайылымдық жерлеріне зиян келтіруден сақтайды. Болашақта тәлімбақта өсірілген жануарлардан қорғалатын табиғи аумақтарға қоныстану үшін басқарылатын «шағын» популяциялар құруға болады. Жүргізіліп жатқан жұмыстар Қазақстан ғылымына ғана тән, тәлімбақта бетпақдала популяциясының ақбөкендері зерттелуде. Алдағы уақытта тәлімбақты одан әрі кеңейту және Қазақстанның басқа жабайы тұяқтыларын күтіп ұстау жоспарлануда.

Ғалымдардың мақсаты ауқымды

Бұл жобаларға атсалысып, ғылыми зерттеулер жасап жүрген ғалымдардың қатарында ветеринария ғылымдарының докторы, профессор Қайсар Жалитұлы Кушалиевті, ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент м.а. Нұржан Жәңгірханұлы Сариевті, ветеринария ғылымдарының магистрі Жангелді Тарихұлы Үсеновті, ветеринария ғылымдарының магистрі Ұлболсын

Жанғазықызы Кужебаеваны, докторант Айгерім Романқызы Қожаева мен магистрант Артур Русланұлы Хайрушевті атап өтуге болады.

Ізденімпаз ғалымдарымыздың алға қойған төмендегідей бірнеше жоспарлары бар:

- Қазақстан мен басқа да шет елдердің тәлімбақтарын, хайуанаттар бағын, қорықтарын қамтамасыз ету үшін ақбөкендер қорын құру;

- Елімізде мекендейтін үш популяция ақбөкендерінің биологиясын, экологиясын және ауруларын салыстырмалы зерттеу;

- Ақбөкендердің өнімінің қасиеттерін (мүйіз, жүн, тері) және тәлімбақта оларды өсіру үшін жабайы жануарлар фермасын құру мүмкіндіктерін зерттеу;

- STR және SNP әдісімен әртүрлі популяциялардағы ақбөкендердің молекулалық-генетикалық ерекшеліктерін зерттеу (генетикалық паспорттау);

- Жәңгір хан университетінің базасында жабайы жануарларды қорғау бойынша мамандар даярлау үшін «Аңшылық және аң шаруашылығы» білім беру бағдарламасын ашу.

Қайсар КУШАЛИЕВ,
ветеринария ғылымдарының докторы, профессор,
Айгерім ҚОЖАЕВА,
2-курс докторанты





ТОП ЖАРҒАН «ЖӘҢГІРХАНДЫҚТАР»

Университетіміздің жастары спорт сайыстарында алдыңғы шептен көрініп, апта сайын жақсы жаңалықтарымен қуантуда. Спортта үздік нәтижеге қол жеткізіп, жеңімпаздар тұғырынан табылған білім алушыларымыздың осы жолғы нәтижелері қалай болғанын төменнен оқыңыз.



«Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру» институтының «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті Арина Горелова қос бірдей жарыстан жүлделі оралды.

Студентіміз қысқы президенттік көпсайыстан(полиатлон) 29 қаңтар мен 1 ақпан аралығында өткен Батыс Қазақстан облысының чемпионатында 1-орынға ие болса, аталмыш сайыстан Өскемен қаласында өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында 2-орынды иеленді.



4-5 ақпан күндері шаңғымен спорттық бағдарлау бойынша БҚО ашық кубогында университетіміздің «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының білім алушылары үздік нәтиже көрсетті.

Екі күнге созылған жарыс нәтижесі бойынша 1-курс білім алушысы Ақжайық Елубаева 2-орынға ие болса, 4-курс студенті Жұмабек Баксыбаев БҚО кубогының иегері атанды.



5 ақпан күні Алматы қаласында өткен әйелдер күресінен Қазақстан Республикасының VI жазғы спартакиадасында «жәңгірхандық» спортшы арулар үздік нәтиже көрсетті.

Атап айтсақ, Анастасия Панасович 72 келі салмақ дәрежесінде 2-орынды қанжығаласа, Зейнеп Баянова 53 келі салмақ дәрежесінде 3-орынға тұрақтады.



10-12 ақпан күндері өткен баскетболдан(3x3) Батыс Қазақстан облысының чемпионатында университетіміздің ұлдар командалары жеңімпаздар тұғырынан көрінді.

18 жастағы жастар арасында Шымырхан Көпжасар, Кенжеғалиев Данияр, Амангелді Бекзат 3-орынды иеленсе, 21 жастағылардың арасында Делевилов Наиль, Кутымбетов Тимур, Утегенов Абылай жүлделі 2-орынға ие болды.



«Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының «Ветеринария» мамандығының 2-курс магистранты Артур Хайрушев қол күресінен өткен БҚО чемпионатында 75 келі салмақ дәрежесі бойынша жеңімпаз атанды.

Ерлер мен әйелдер арасындағы қол күресінен облыс чемпионаты 27-29 қаңтар күндері Оралдағы «Жастар мәдениет үйінде» өткен болатын.

СПОРТШЫЛАРЫМЫЗДЫ ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Меншік иесі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.
Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г қуәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА
Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Бас маман
Анар НҮРЛАНҚЫЗЫ
«Занғар» газетінің маманы
Айдана ТЕМІРБАЙ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 564
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 206-бөлме
1-42
info_zkatu@mail.ru